

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 сәуірдегі N 403-ІІ заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне толықтырулар енгізілсін:

1. "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-кұжат; N 12, 88-кұжат; N 14, 93-кұжат; N 15-16, 109-кұжат; N 24, 162-кұжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-кұжат; 1997 ж., N 1-2, 8-кұжат; N 7, 80-кұжат; N 11, 144, 149-кұжаттар; N 12, 184-кұжат; N 13-14, 195, 205-кұжаттар; N 22, 333-кұжат; 1998 ж., N 14, 201-кұжат; N 16, 219-кұжат; N 17-18, 222, 224, 225-кұжаттар; N 23, 416-кұжат; N 24, 452-кұжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-кұжаттар; N 21, 787-кұжат; N 22, 791-кұжат; N 23, 931-кұжат; N 24, 1066-кұжат; 2000 ж., N 10, 248-кұжат; N 22, 408-кұжат; 2001 ж., N 1, 7-кұжат; N 8, 52, 54-кұжаттар; N 13-14, 173, 176-кұжаттар; N 23, 321-кұжат; N 24, 338-кұжат; 2002 ж., N 2, 17-кұжат; N 15, 151-кұжат; N 19-20, 165-кұжат; 2003 ж., N 1-2, 2-кұжат; 2003 жылғы 18 наурызда "Егемен Қазақстан" және 2003 жылғы 15 наурызда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 13 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

9-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

"12-1) мұнай өнімдерін өндіру;".

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мұнай туралы" 1995 жылғы 28 маусымдағы N 2350 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 11, 76-кұжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 150-кұжат; 1999 ж., N 21, 787-кұжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Біртұтас деректер базасы" - мердігерлер Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен беретін ақпараттың негізінде қалыптастырылатын мұнай өндірудің және (немесе) оның айналымының көлемі туралы электрондық деректер б а з а с ы . " ;

2) 5-бап мынадай мазмұндағы 6-1), 6-2), 6-3) және 6-4) тармақшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"6-1) мұнай экспортын реттейді, оның ішінде акциздердің, кедендік, қорғау, демпингке қарсы және өтем баждарының ставкаларын, мұнай экспортына квоталарды

бекіту (өзгерту) жолымен реттейді;

6-2) мұнайды көліктің әр түрлерімен тасымалдауға сандық шектеулер (квоталар) белгілейді;

6-3) мұнай өндірудің және оның айналымының біртұтас деректер базасын жүргізу тәртібін белгілейді;

6-4) мұнай өндірудің, сақтаудың және оның айналымының технологиялық процесіне қойылатын қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау жүйесін ұйымдастырады; "

3) 6-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 7-4) тармақшамен толықтырылсын:

"7-4) кен орнын әзірлеу жобасына сәйкес мұнай өндіруді, сондай-ақ оның айналымын мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады."

2-бап. Осы Заң 2003 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті